

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### **«Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ-ның 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына қатысатын Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға «Almaty TV» телеарнасында эфир уақытын беруінің жалпы шарттары**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 1019 Жарлығы негізінде, «Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ – «Almaty TV» телеарнасының (бұдан әрі – Телеарна) меншік иесі 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған сайлауға қатысатын Қазақстан Республикасының Президенттігіне тіркелген кандидаттарды (бұдан әрі – Кандидат) сайлау алдындағы үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) орналастыру үшін телеарнаның эфир уақытын беру шарттары мен тәртібі туралы хабардар етеді.

Сайлау алдындағы үгіт Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау күнінің алдындағы күннің жергілікті уақыты бойынша нөл сағатта аяқталады, осылайша, үгіт материалдарын телеарна эфирінде орналастыру 2022 жылғы 21 қазан сағат 18.00-ден кейін жүзеге асырылады және 2022 жылғы 19 қараша сағат 00.00-де аяқталады.

Телеарна эфир уақытын телеарнаның меншік иесі мен кандидат арасында не кандидаттың уәкілетті өкілімен жасалған жазбаша шарт негізінде және телеарна бекіткен монтаж парақтарына сәйкес ұсынады. Бұл ретте монтаждау парақтары жазбаша өтініш беру сәтінде телеарнаның қолда бар техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес үгіт материалдары эфирге шығарылғанға дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын, яғни телеарнаның эфир уақытының болжамды уақыт аралығында жарнаманың болуына және/немесе болмауына қарай әзірленеді.

Үгіт материалдарының саны, хронометражы, эфирде орналастырудың болжамды күні мен уақыты кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, содан кейін олар шартта көрсетіледі.

Эфир уақытын беру туралы шарт жасасу үшін кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің телеарна меншік иесінің басшысының атына жазбаша өтініші негіз болып саналады.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

- 1) кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 2) кандидат өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;

4) үгіт материалдарының түрі, саны, хронометражы, эфирде орналастырудың болжамды күні мен уақыты;

5) үгіт материалдарының мәтінін қағаз және электрондық жеткізгіштерде таратып жазу.

Телеарнада эфир уақытын беру төмендегі үгіт материалдарын орналастыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейнероликтер;
- 2) арнайы репортаждар;
- 3) динамикалық баннерлер түріндегі үгіт материалдары;
- 4) өзге де үгіт материалдарын қамтиды.

Телеарнада үгіт материалдарын орналастыруға жазбаша өтініштер Қазақстан Республикасының Президенттігіне тіркелген кандидаттардан 2022 жылғы 21 қазан сағат 18.00-ден бастап 2022 жылғы 17 қараша сағат 00.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, Алматы қаласы, Ғабдуллин көшесі, 88 А үй, 211 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады. Өтініштер күн сайын, жұмыс күндері, сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін қабылданады.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне тіркелген кандидаттардан факсимильді және интернет-байланыс арқылы үгіт материалдарын орналастыруға өтініштер қабылданбайды.

Өтініш кезектілік тәртібімен кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында әрбір жазбаша өтінішке өтініштің реттік нөмірі мен келіп түскен күнін беру арқылы тіркеледі.

Кандидаттардың үгіт материалдарын телеарна эфирінде орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу тәртібімен не егер өтініштер бір мезгілде келіп түскен жағдайда жеребе бойынша белгіленеді. Жеребеге кандидаттардың үгіт материалдарын орналастыру кезектілігіне дау айтатын уәкілетті өкілдері және даудың тәуелсіз тарапы ретінде телеарна өкілі қатысады.

Әрбір уәкілетті тұлғаға материалды орналастыру кезектілігін көрсете отырып, мөрленген бір конвертті таңдау қоса беріледі. Конверттердің саны дауға қатысушылардың санына тең. Жеребе аяқталғаннан кейін дауға қатысушылар мен телеарна өкілі жеребе хаттамасына қол қояды. Жеребе тастау нәтижелері (хаттаманың көшірмесі) тиісті сайлау комиссиясына ұсынылады.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәттен бұрын жүгінген басқа кандидатқа сұрау салынатын уақыт берілсе не техникалық мүмкіндіктерге байланысты берілмесе, телеарна кандидатқа телеарнаның техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, үгіт материалдарын орналастыру үшін басқа уақыт береді.

HD форматы үшін:

- 1) бастапқы рұқсат 1920x1080i;
- 2) рұқсат етілген кодек MPEG2\MPEG4\DV\H.264\AVC ағын жылдамдығы кемінде 15 Мбит/сек, профиль 4:2:0, 25 кадр / сек (50i);
- 3) кадр форматы 16x9;
- 4) MXF (OP-1a)\ AVI\MKV\MP4 жарамды контейнері

Дыбыстық сүйемелдеу параметрлері: аудио сүйемелдеу келесі объективті техникалық және субъективті талаптарға сәйкес келуі керек:

- динамикалық диапазон, кемінде 40 Дб;
- жиілік диапазоны, кемінде 20 Гц;
- сызықтық емес бұрмалау коэффициенті 1%-дан аспайды;
- дыбыстық сүйемелдеу стерео болуы керек;
- студиялық жазба кезінде сигналдың акустикалық ревербі (жаңғырығы) болмауы керек;
- сөйлеудің 100%-ы түсінікті болуы керек;
- жазбада бөгде дыбыстар, шулар, кедергілер естілмеуі тиіс;
- орташа өлшенген деңгей - 18 Дб, интершум - 42 Дб-дан аспауы керек.

Соңғы нұсқадағы дыбыс 1-ші стерео арнаның сол жақ жолына түсіп, оң жақ жолға көшірілуі керек (жалған стерео) 3-4 дыбыстық жолақ үшін ажыратылған дыбыс қажет. Аудиоформат: Wave

Сақтау құралы оптикалық DVD дискі, кез келген USB флэш-дискісі және/немесе USB қосылымы бар сыртқы қатты диск бола алады, сондай-ақ бұлттық қызметтерді қоса алғанда.

Үгіт материалдарында оларға төлем жасалғаны, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның аты-жөні туралы дыбыстық немесе көрнекі ақпарат болуға тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сәйкестігі үшін дербес жауап береді.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген талаптар мен тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ тиісті шарттың талаптары бұзылған жағдайда, телеарна эфирінде Кандидаттың үгіт материалдарын орналастыру жүргізілмейді не тәртіп бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Телеарнаның меншік иесі үгіт материалдарын орналастырудан бас тартады, егер оларда Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуды қоздыру, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құру идеялары болса.

Телеарнаның меншік иесі басқа кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда үгіт материалдарын эфирге шығарудан бас тартуға құқылы. Кандидат телеарна иесінің талабы бойынша жоғарыда көрсетілген сипаттағы бейнематериалдардағы ақпаратты растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген эфир уақытын беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетіле алады.

**Үгіт материалдарын орналастыру құны  
(мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейнероликтер)**

Үгіт материалдарын орналастырудың уақыт аралығы	Шығу күндері	Құны, теңге, ҚҚС есебімен, 1 минут үшін
<b>06:00-24:00</b>	<b>дүйсенбі-жексенбі</b>	<b>86 000</b>

**Арнайы репортаж түріндегі үгіт материалдарын  
(мемлекеттік және орыс тілдерінде) орналастыру құны**

Үгіт материалдарын орналастырудың уақыт аралығы	Шығу күндері	Құны, теңге, ҚҚС есебімен, 15 минутқа дейін
<b>06:00-24:00</b>	<b>дүйсенбі-жексенбі</b>	<b>500 000</b>

**Динамикалық баннерлер (плашкалар)\*  
түріндегі үгіт материалдарын (мемлекеттік және орыс тілдеріндегі)  
орналастыру құны**

Үгіт материалдарын орналастырудың уақыт аралығы	Шығу күндері	Құны, теңге, ҚҚС есебімен, 1 күн үшін
<b>06:00-24:00</b>	<b>дүйсенбі-жексенбі</b>	<b>50 000</b>

*\* Динамикалық баннер (плашка) – графикалық анимациялық сурет (экран ауданының 7,5%), дайын баннердің уақыты – 20 секундтан аспайды.*

Орналастыру құны телеарнаны барлық қолжетімді тарату орталарында (эфирлік, аналогтық, эфирлік цифрлық, спутниктік, сондай-ақ кабельдік операторлар және Интернет желісінде онлайн хабар тарату арқылы) таратуды және қайта таратуды қамтиды.

Телеарнада үгіт материалдарын орналастыруға жасалған шарт бойынша төлем есеп-шот берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде телеарна жіберген төлем есеп-шоты негізінде жүзеге асырылады. Төлем тиісті шартта және төлем есеп-шотында көрсетілген телеарнаның банктік деректемелері бойынша жүргізіледі.

**«Almaty» Телерадиокомпаниясы»  
АҚ-ның Бас директоры**



**Т. Базарбаев**